

**ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайы  
кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының  
№4 §2 хаттамасы**

**31.03.2026 жыл**

**Қатысқандар: өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері**

Комиссия төрайымы: А.Е.Мергенбаева – меңгеруші

Комиссия мүшелері: А.Е.Есниязова-тәрбиеші

Л.А.Сагидуллина -тәрбиеші

А.С.Шонаева -тәрбиеші

Р.К.Игизбаев-есепші

Ж.Қ.Кеңес-хатшы

Барлығы: 9 педагог.

**Күн тәртібі**

1. 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына жүргізілген өзін-өзі бағалау комиссиясының есебін тыңдау. (жауапты: өзін-өзі аттестаттау комиссия төрайымы Мергенбаева А.Е.)

**Тыңдалды:**

**А.Е.Мергенбаева өзін-өзі аттестаттау комиссия төрайымы, меңгеруші:** Өзін-өзі бағалау комиссиясы тәрбиелеу мен оқыту әрекетін ұйымдастыру бойынша 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының мынадай деректі құжаттарын қарады.

- білім беру бағыттарының және ұйымдастырылған іс-әрекеттердің МЖМБС талаптарына және ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылдың 09 қыркүйегіндегі №394 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқыту жоспарлары;

- Іс-әрекеттердің бөлінуін растайтын құжаттар, күн тәртібі, 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына циклограммаға сәйкес перспективалық жұмыс жоспарлары;

- МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтардың құжаттары; ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жүргізілген бағдарламалар мен түзету-дамыту жұмыстарының жоспарлары, педагогикалық-қолдау қызметінің құжаттары; Тәрбиеленушілердің даму мониторингі және нәтижелері; педагогтардың перспективалық жұмыс жоспары; апталық оқу жүктемесі;

Комиссия мүшелері 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының тәрбиелеу-оқыту бойынша МЖМБС талаптарының сәйкестігіне зерделеу жұмысын жүргізді.

Комиссия төрағасы А.Е.Мергенбаева өзін-өзі бағалау есебі тыңдалды. Өзін-өзі бағалау, бағалау өлшемшарттарына сәйкес қорытындыланып, комиссия мүшелерінің дауысқа салуымен «жақсы» деген баға қойылды.

**Сөз сөйлегендер:**

**Л.А.Сагидуллина-тәрбиеші** Өзін-өзі бағалау бойынша комиссия мүшелерінің есебін тыңдай отырып, бөбекжайдың тәрбиелеу оқытуда МЖМБС талаптарына

толық сақталған деп есептеймін. 2023-2024, 2024-2025 және 2025-2026 оқу жылдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының сәйкестігін көрдік, бағаладық.

**А.С.Шонаева тәрбиеші.** Өзін-өзі бағалау материалдарын сараптай келе мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын балаларда қалыптастыруда бірізділік пен жүйелілік сақталғандығын айтуға болады.

### Шешімі:

1. «Мариям А» бөбекжайы 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026оқу жылдарына өзін-өзі бағалауы МЖМБС талаптарына сәйкес деп танылсын.

Төрайымы:

А.Е.Мергенбаева

Хатшы:

Ж.Қ.Кеңес



### Комиссия төрайымы:

«Мариям А» бөбекжайы меңгерушісі: А.Е.Мергенбаева

А.Е.Есниязова «Мариям А» бөбекжайы тәрбиешісі-комиссия мүшесі

Л.А.Сагидуллина «Мариям А» бөбекжайы тәрбиешісі-комиссия мүшесі

А.С.Шонаева «Мариям А» бөбекжайы тәрбиешісі-комиссия мүшесі

Р.К.Игизбаев «Мариям А» бөбекжайы есепшісі-комиссия мүшесі

Хатшы: Ж.Қ.Кеңес «Мариям А» бөбекжайы тәрбиешісі-комиссия мүшесі